

Г.С.Закиряева\* , С.А.Жиренов 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан  
(E-mail: gulnazk86@mail.ru, saken82@mail.ru)

## Тілдік медиацияның түрлері мен функционалдық өрісі

**Аңдатпа.** Мақалада тілге тән қызметтің жеке бір түрі болып табылатын тілдік медиация туралы мәселелер қарастырылады. Жалпы ғылымдағы «медиация» – екі тараптың ынтымақтастығына негізделген қарым-қатынас. Қарым-қатынас барысында туындаған қиындықтарды, кикілжіңдерді, түсініспеушіліктерді шешу кезінде медиацияны сәтті қолдану қарым-қатынас жасау мәдениетін жақсартуға ықпал етеді. Бұл тақырып қазіргі шетел лингвистері арасында кеңінен талқыланып жүр. Десе де қазақ тіл білімінде әлі қарастырылмаған тың тақырып, демек, өзектілігі де осында. Тілдік медиацияға негізделген зерттеу жұмысында «медиация» терминінің нені білдіретіні, оның түрлері туралы түсінік беріледі. Күнделікті өмірден, мерзімді баспасөз беттерінен алынған мысалдарды талдау арқылы терминнің тілімізде қандай қызмет атқаратынын ашып-көрсетуге бағытталады. Медиация тұлғааралық қарым-қатынастың (интеракцияның) бір түрі, сол сияқты ол бейинтерактивті де болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оның мақсаты ақпаратты коммуникатордан реципиентке беру (кері байланыссыз) болып табылады. Бұл терминнің мәнін ашу мақсатында әдебиеттерге шолу жасаған кезде медиация туралы айтылған шетелдік, отандық ғылыми еңбектерден алынған анықтамалар, пікірлер сұрыпталып, жүйелі түрде беріледі. Мақалада жинақтау, топтастыру, сұрыптау, талдау, салыстыру әдістері қолданылады. Жоғарыда атап өткендей, бұл тақырып отандық лингвистика тұрғысынан әлі зерттеу объектісі болмағандықтан, көбіне шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған теориялық тұжырымдар мен практикалық түсіндірмелер негізге алынады.

**Түйін сөздер:** лингвистика, коммуникация, сөйлеу актілері, медиация, интерактивті медиация, бейинтерактивті медиация.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-81-96>

Түсті: 31.05.2024; Жөнделді: 7.06.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

### Кіріспе

Адамзат қоғамы тілдік кеңістікте өмір сүреді. Қоғамдық өмір әралуан тұрмыстық, мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік, техникалық, т.б. жағдаяттардың өзара әрекеттесуінен тұрады. Сондай қоғамдық қатынастағы адамдар бір-бірімен өзара сөйлеседі, пікірлеседі, өзара қарым-қатынасқа түседі. «Адамның тіліне, оның күнделікті сөйлеу дағдысына әлеуметтік ортаның көптеген әсерлері болады. Міне, осыны әлеуметтік лингвистика қарастырады. Егер мұны бізге жете таныс «дәстүрлі» лингвистикамен салыстыратын болсақ, ол тілдік таңбаны (дыбыс, сөз, морфема, аффикс, сөз тіркесі, сөйлем) айтылым, жазылым түрлеріне, мағынасына, бір-бірімен қатынасына, олардың уақыт

бойында өзгеруіне талдау жасаса, әлеуметтік лингвистика сол тілдік таңбаларды адамдар жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, ортасына, білім деңгейіне, мәдени ұстанымына т.с.с. байланысты қалай пайдаланады: бәрі бірдей ме, әлде әртүрлі қолдана ма дегенге баса назар аударады. Адамның сөйлеу ерекшелігі көбінесе қарым-қатынас жағдаятына тәуелді болады. Әрбір жағдаятта адам әртүрлі сөйлейді: әңгімелесушімен тең жағдайда немесе одан өзін жоғары, басым ұстауы (кейде оған тәуелді болуы) мүмкін. Жалпы адамдар қоғамда бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда әр алуан рөлдерді: әке – бала, күйеу – әйел, бастық – бағынышты – қызметкер, жұмысшы, сатушы – сатып алушы, дәрігер – емделуші, мұғалім – оқушы, оқытушы – студент т.б. орындайды. Осындай рөл түрлері сөйлеу мен сөз саптау дағдысының ерекшелігін танытады. Айталық, бала әкесімен құрдасындай сөйлеспейді. Сондай-ақ студент пен оқытушының, дәрігер мен емделушінің, бастық пен бағыныштының сөз саптаулары қалалық көліктегі таныс не таныс емес адамдардың сөйлесулеріндегідей болмайды» [1, 10 б.]. Тұрмыстық өмірде адамдар арасында өзара ұлты, жынысы, жасы, білімі, мамандығы және басқа да белгілері әртүрлі тұлғалардың қарым-қатынасы барысында бірін-бірі түсінбеу, келіспеу секілді қиындықтар туындап жатады. Э.Д.Сүлейменова: «таза қазақ тілінде сөйлейтін отбасынан шыққан балалар төрт жасқа таман қарым-қатынас жасау ортасы кеңейген кезде (көршінің балаларымен, достарымен ойнағанда) күйзеліске түседі, өйткені ойнап жүрген балалармен түсінісе алмайды. Кейінірек жеке тұлға белсенді түрде әлеуметтене бастаған кезде бұл жағдай тіптен жанжалға (конфликтіге) айналуы мүмкін» [2, 16 б.] екенін көрсетеді. Демек, тұлғааралық конфликт бала кезден басталады. Балалар ер жетіп, жан-жағымен қарым-қатынасқа түскен кезде қоғамдық ортада әртүрлі жағдаяттарға байланысты өзара кикілжіңдерге (конфликтіге) келетіні анық. Осындай жағдайда екі тараптың арасында көпір болатын үшінші тұлға керек. Мұндай тұлғаны батыс мәдениетінде *медиатор* немесе *делдал*, ал олардың қызметін *медиация* немесе *делдал арқылы ақпарат беру* деп атайды. Медиация дау-дамайлар мен келіспеушіліктерге тап болған тұлғалардың арасындағы қарым-қатынасты құқықтық жолмен реттеудің бір тәсілі ретінде қарастырылады. Демек, бұл – дауларды сотқа дейін шешу тәсілі. Алайда медиация бастапқыда әлеуметтік жұмыстың жаңа технологиясы ретінде, А.В. Игнатович «екі бағытта дамыған деп көрсетеді: біріншісі, отбасылық жанжалдарды шешуге бағытталған делдалдық қызмет; екіншісі, кәсіпкерлер арасындағы сауда және сауда қатынастарындағы делдалдық қызмет» [3, 72 б.]. «Медиация» мәселесі арнайы ғылыми бағыт ретінде батыс ғылыми мектептерінде «конфликтология» ілімі аясында қарастырылған. Бірте-бірте бұл мәселе басқа ғылымдардың да зерттеу объектісіне айналды. Бүгінгі таңда медиация мәселесі лингводидактика, аударматану, мәдениеттану, әлеуметтік лингвистика және психология секілді шетелдік ғылыми дискурста кеңінен қарастырылуда. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда «елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» демекші, медиацияның тіл білімінің аясында қарастырылуы қоғамдық қажеттіліктен туындаған ғылыми мәселе болып табылады. Қоғамда өмір сүріп жатқан кез келген адамды елшілік қызметті арқалаған «медиатор» деуге болады. Өмірде күн сайын конфликтіге жол бермей, келіссөз жүргізу арқылы екі тарапты да қанағаттандыратын елшілер болады. Мәселен, «бір отбасының екі қызы соңғы қалған бір апельсинге таласып қалады, бұл таластың арты жанжалға ұласады. Анасы (медиатор) келіп, апельсинді екіге бөліп екеуіне жарты-жартыдан ұстатады» [4, 33 б.]. Сол секілді «1972 жылғы Судан азаматтық соғысы кезінде «Бүкіл Африкалық шіркеу комитеті» араласып, конфликтіні тоқтатқан екен. Ал 1978 жылы АҚШ Президенті Джеймс Картер қолына алған медиацияның арқасында Израиль мен Египет ымыраға келіпті» [5, 58 б.]. Мысалдардан байқап отырғанымыздай, конфликт микротоп ішінде де, макротоп ішінде де орын алып жатады. Тіл табиғатына медиациялық қызметті жүктеу мәселесі батыс елдерінде, Еуропада, Америка елдерінде кеңінен таралып, бұл күндері өз алдына дербес мәселе ретінде кеңінен қарастырылуда. Ал отандық лингвистика ғылымында «медиация» мәселесі әлеуметтану, саясаттану, құқықтану, мәдениеттану, психология секілді ғылым салалары аясында қарастырылғанымен, лингвистика ілімінде арнайы мәселе ретінде

зерттелмеген сала ретінде бағалауға болады. Отандық ғылымда «медиация» мәселесі көп жағдайда құқықтану (заң) мен мәдениеттану ғылымдарының аясында қарастырылып келеді. Қазіргі уақытта жоғарыда айтылған әлеуметтік топтар арасында ешқандай кикілжің тумай, қарым-қатынастың ешбір ақаусыз іске асуы өте маңызды. Қоғамдық өмірдегі отбасылық институттардан бастап, микро-макро әлеуметтік топтар мен халықаралық қатынастардың өзара ықпалдасуы, тең дәрежедегі қарым-қатынаста болуы екі жақты медиацияның орнығуына тікелей байланысты болады. Медиацияға тән бітімгерліктің бір түрі – тіл арқылы жүзеге асады. Яғни, тіл өзара коммуникацияны орнатуда табыстыру, таныстыру, үйлестіру, татуластыру, бітістіру, ықпалдастыру секілді бітімгерлік, яки медиациялық та қызмет атқарады. Осы жағынан келгенде тілдің медиациялық қызметін лингвистикалық аспектіде зерттеу тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

### Әдіснама

Қоғамдық өмірдегі тілдік медиацияның қызметін көрсету үшін, сөйлеу ерекшеліктеріндегі дискурстық, прагматикалық әдістерді қолдануға болады. Бұл жеке адамдардың сөйлеу әрекетін сипаттауға, сөйлеушілердің тілдік бірліктерді қолдануы мен мақсаттары арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді. «Тіл білімінде прагматика тілді тыңдаушыларға әсер ету мақсатында қолдану; тілді қолдану арқылы дйттеген мақсатқа жету; тілдегі имплицитті (жасырын) нәрсені талдау; коммуникативті құзыреттілік, сөйлеушінің тілді және әңгімелесушінің мақсаттарын түсіну қабілеті, сондай-ақ өз мақсаттарын сәтті орындау сияқты тілдік қызметтерді қарастыратын бағыт болып табылады» [6, 122 б.]. Орыс ғалымы Т.В.Ускова медиацияны бір жағынан нәтижелі диалог, екінші жағынан заң дискурсының бір түрі ретінде қарастыра келе, «медиация тілін зерттеуді сөйлеу актілерінің теориясы аясында қарастыру керек» деп тұжырымдайды [6, 122 б.]. Зерттеушінің пікіріне сәйкес, «сөйлеу актілері теориясы – ақпарат алмасумен қатар, белгілі бір мақсаттарға жету үшін тілдің қалай қолданылатынына бағытталған прагматика аясындағы зерттеу саласы» саналады [6, 122 б.]. Белгілі ғалым Л.М. Шайкенова «сөйлеу актілерінің теориясы коммуникативтік жағдаяттың ерекше моделін ұсынатынын» айта келе, оның келесідей компоненттерін атап көрсетеді: «айтушы, тыңдаушы, айтылым, жағдаят, сөйлеу актісінің мақсаты мен нәтижесі. Соңғы екеуі аса маңыздылығымен ерекшеленеді» [7, 15 б.]. Осы теория шеңберіндегі зерттеулер сөйлеу әрекеттерінің әртүрлі сөйлеу оқиғаларында қалай қолданылатынын анықтауға бағытталған. «Сөйлеу актілері теориясының арқасында әртүрлі сөйлесімдердің коммуникативті жағдайларда қалай әсер ететіндігі анықталады» [6, 122 б.]. Зерттеу жұмысының зерттеу нысаны мен бағыт-бағдарына сәйкес, тақырыптың мазмұнын ашу үшін тіл біліміндегі төмендегідей ғылыми әдістер қолданылады:

- Шетелдік және отандық ғалымдардың тілдік медиацияға байланысты пікірлерін қарастыру барысында олардың зерттеу жұмыстары мен еңбектерін *жинақтау әдісі* жүйелі түрде қолданылады. Жинақталған мәліметтерге аналитикалық шолу жасалады, соның негізінде медиация және оның түрлеріне байланысты теориялық тұжырымдар ұсынылады;

- Медиацияға қатысты зерттеу жүргізген ғалымдардың лингвистикалық және лингвистикадан тыс тұжырымдары мен еңбектерін *сұрыптау, топтастыру әдістері* қолданылады. Аталмыш зерттеулер мен еңбектерде айтылған теориялық мәселелер мен практикалық пайымдауларға *сипаттама* жасалады.

- Әлеуметтік желі, БАҚ беттерінен мысалдар жинау барысында *жинақтау, прагматикалық талдау, адресант пен медиатордың сөзін салыстыру әдістері* практикалық тұрғыдан кеңінен қолданылады.

### Әдебиеттерге шолу

Тіл білімінде медиация мәселесін зерттеу бағыттары соңғы жылдары ғана қолға алына бастады. Тілді «мәдениеттің бір бөлігі», «социум мен адамды байланыстырушы» деп қарастырған Вильгельм фон Гумбольдт айтушы мен тыңдаушы бір хабарды әртүрлі

түсінеді, бір сөзге әртүрлі, дербес мән-мағына үстейді деген болжам айтқан болатын. Ғалымның өз сөзімен айтқанда: «Қарым-қатынас кезінде ешкім бір сөзді дәл сол қалпында қабылдамайды. Сондықтан сөйлесушілер өзара түсінісіп жатса да, олардың арасында түсініспеушілік те бар, олар бір-бірінің ойымен және сезімдерімен келіссе де, келіспеушілік болады» [8, 62 б.]. Осы пікірдің аясында мына мысалды қарастырып көрелік, әйелі күйеуіне «Депозитте ақша аз қалды» дейді. Әйелі нақты жағдайды жеткізіп тұр, ал күйеуі әйелінің әрекетіне «өзін кінәлап» тұр деп түсінуі мүмкін. Гумбольдттың бұл пікірінде нақты медиация туралы айтылмаса да, адамдардың арасындағы түсініспеушілік сөйлеу барысында сөзді дұрыс қолданбауға байланысты пайда болатынын меңзеп тұрғанын байқауға болады.

Сондықтан «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» екенін қазақ тіл білімінің негізін қалаған А. Байтұрсынұлы дөп басып айтады. Мейлі жазба тілі болсын, мейлі ауызекі сөйлеу тілі болсын, сөздің қисынын келтіру керектігін алға тартқан ұлт ұстазы былай дейді: «сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Қай сөз қай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып, сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек» [9, 30 б.]. Осылайша, А.Байтұрсынұлы адамның айтқанын, жазғанын екінші адам еш қиындықсыз түсінуі керек, қарым-қатынас барысында ешқандай кикілжің туындамауы керек екенін айтады.

Білім беру саласындағы шет тілін оқыту тәсілдерін жүйелеу және тілді меңгеру деңгейлерін бағалауды стандарттау мақсатында әзірленген Еуропалық Одақтың «Шет тілін оқытудың жалпыеуропалық құзыреттері: зерделеу, оқыту, бағалау» (CEFR) атты құжатында медиацияға мынадай анықтама берілген: «медиация дегеніміз – қандай да бір жағдайларға байланысты бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасай алмайтын екі және одан да көп коммуниканттардың коммуникативтік өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін делдалдық» [10, 14].

Лингвомәдени медиацияны оқытудың бір компоненті ретінде қарастырған ресейлік зерттеушілер О.М. Литвишко, Ю.А. Черноусова «мәдениетаралық коммуникация және аударматану саласындағы шетелдік зерттеулер (Garzone G., Zarate G.) «мәдени медиатор» деген терминді белсенді қолдана отырып, медиацияны пәнаралық тұрғыдан қарастырады». Ғалымдар атап өткен зерттеулерге сәйкес, «мәдени медиатор» дегеніміз – белгілі бір қарым-қатынас жағдайына қатысты тұжырымдамалық және мәдени ақпаратты беру процесіне ықпал ететін адам. Медиатордың міндеті коммуникативтік қызметке қатысушылардың бәрінің ойын, ниетін, қабылдауы мен болжамын түсіндіру, кейіннен кәсіптік бағдарланған қызметтің қажетті түрлерін жүзеге асыру мақсатында олардың арасында байланыс орнату және теңгеру болып табылады» [11, 140 б.]. Р.Тафттың пікірінше, «медиатор екі мәдениеттен де хабары бар тұлға болуы керек және екі мәдениеттің де келесідей құзыретін білуі керек:

- белгілі бір тілдік топтың, халықтың мәдениеті туралы жалпы білімі болу керек: тарих, фольклор, дәстүр, әдет-ғұрып, құндылықтар, ырым-тыйымдар, ол мәдениеттің көрнекті адамдары және т.б.;

- қарым-қатынас дағдылары: жазбаша, ауызша, бейвербалды;
- техникалық дағдылар: компьютерлік сауаттылық және т.б.;
- әлеуметтік дағдылар: белгілі бір қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттейтін ережелерді білуі, эмоционалды құзыреттілік, өзін-өзі бақылау дағдыларын меңгеруі» [12, 53-73].

О.М.Литвишко, Ю.А.Черноусовалардың пайымдауынша, Р.Тафт көрсеткен медиаторға тән құзыреттермен қатар «медиатор өзінің мәдени бағытын өзгертуге икемді болуы керек: интермәдени сезімталдықтың жоғары деңгейін қалыптастыруы, сонымен қатар контекстік бағалау деңгейіне жетуі керек» [11, 140 б.].

Заң саласының студенттеріне лингвомәдени медиацияны оқыту мәселесін зерттеген ғалым Т.Б.Косарева «Еуропа университеттерінде медиаторлар арнайы дайындалатынын» тілге тиек ете келе, «оларды оқыту барысында лингвомәдени делдалдылық пен аударма саласына көп көңіл бөлінетінін» [13, 3 б.] айтады. Т.Б.Косареваның пікірінше, медиация «кәсіби бағдарланған мәдениетаралық коммуникацияның бір түрі. Мұндай коммуникация барысында белгілі бір қоғамдастықтың «қабылдаушы» корпоративті субмәдениетінің ерекшелігін, кәсіби маңызды арнайы тұжырымдамалар мен сөйлеу стратегияларын, медиация субъектілерінің әлеуметтік маңызды қажеттіліктерін ескере отырып, тілдің басқа құралдарымен бастапқы ақпаратты транскодтау жүзеге асырылады» [13, 14 б.].

Л.В.Куликова мен О.А.Прохорова «Исследовательские подходы к дискурсу медиации в фокусе междисциплинарности» атты зерттеу мақалаларында «жанжалдасып жатқан субъектілердің коммуникативті диссонанстан (жеке тұлғаның санасындағы ұғымдардың қақтығысы) коммуникативті консенсусқа (қақтығыстарды шешу тәсілі) дейінгі континуум (тұтастық) шеңберінде жанжалды қарым-қатынас субъектілерінің когнитивті, вербалды және эмоционалды өзгеру процесін басқаруды» «медиация дискурсы» ретінде қарастырады [14, 102 б.]. Көптеген зерттеулерге қарағанда медиация дискурсының мақсаты «жанжалды шешуге бағытталған ынтымақтастықты дамыту процесін басқару» ретінде саналады. С.Н.Плотникова «метадискурс «басқа» когниция, яғни метакогниция деңгейінде өндірілген «басқа» дискурсты білдіреді деген тұжырымы маңызды саналады. Бұл сөйлесу барысында сөйлеушілердің біреуінің немесе екеуінің басым болатындығын көрсетеді» [14, 102 б.], - дей келе, медиация дискурсын метадискурс ретінде қарастырады. «Мұндай жағдайда медиатор метакоммуникативті рөл атқарады, ал оның дискурстық міндеті метадискурсты өндіру» [14, 102 б.] болып табылады. Бұл ойды қолдаған А.Г.Чернышенко да медиацияны дискурстың ерекше түрі ретінде қарастырады, өйткені «медиацияның өзіне тән когнитивті, коммуникативті және прагматикалық стратегиялары бар. Медиация дискурсының негізгі коммуникативтік міндеті балама шешімге қол жеткізу болғандықтан, бұл стратегиялар тараптарды бітімгерлікке келтіруге ықпал ететін қозғаушы күш ретінде қолданылады» [15, 110 б.].

Отандық ғылымда медиация мәселесі құқықтану, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану салаларында ғылыми теориялық деңгейде қарастырылып, өндірісте ішінара қолданыста бар құқықтық нормалардың аясында ішінара қолданыста жүргендігін байқауға болады. Ғылыми кеңістікте «медиация, медиация негіздері, қылмыстық сот өндірісіндегі медиация, азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама тәсілдері» деген тақырыптар шеңберінде ғылыми монографиялар, оқу құралдары, диссертациялар, зерттеу мақалалары көп болмаса да, бірді-екілі кездеседі. Медиация субъектілер арасында өрбитін үрдіс болғандықтан медиациялық жағдаятты жүзеге асырушы медиатордың көмегімен іске асырылады. Бұл жердегі «медиатор» дегеніміз лингвистикалық тұрғыдан келгенде тілдік тұлға саналады. Ал тілдік тұлға бір бойына көптеген сапалық қасиеттерді (білімділік, шешендік/сөздік қорының молдығы, елшілік/дипломаттық, тәуекелшілдік, заңгерлік, т.б.) жинақтаған әмбебап индивид саналады.

Медиаторды психолог ретінде қарастырған «Психология медиации и переговоров» атты оқу құралының авторлары (З.М.Садвакасова, А.К.Файзуллина, Н.М.Садыкова) медиацияға мынадай анықтама береді: «Медиация (лат. делдалдық, араласу, медиациялық әңгіме) – үшінші бейтарап тараптың, бірақ кәсіби делдалдың қатысуымен дау-дамайды ретке келтіру рәсімі» [16, 49 б.]. Медиатор-психологтың қай заманда болсын жоғары бағаланғанын айтқан авторлар медиация «тек шеберлікті ғана емес, сонымен бірге адамның табиғаты мен жанжалды сезімталдықпен түсінуді қажет ететін бітімгерлік рәсім» [16, 5 б.] екенін айтады. Өйткені «кез келген жанжалдың астарында тамыры тереңге кеткен ішкі сезім мен қарым-қатынас жатыр. Сондықтан шиеленіскен мәселелерді шешіп, ымыраға келтіріп, екі тарапқа да қолайлы шешім табу керек» [16, 5 б.].

Алайда медиация мәселесін лингвистикалық аспектіде қарастыруға бағытталған зерттеулер жоқтың қасы. Профессор Ф.Оразбаева өз еңбегінде тілдің таңбалық қасиеті

туралы айта келіп: «Тілдің таңбалық қасиетімен қатар автор хабардың берілуі мен қабылдау түрлеріне, оны жеткізу шарттарға ерекше көңіл бөледі. Ол бір объектіден шыққан хабар /информация/ екінші объектіде қабылдану үшін, олардың арасында хабарды жеткізетін көмекші құралдардың (посредниктің) болатынын айтады», – деп Э.П.Шубинге сілтеме келтіреді [17, 231 б.]. Ғалымның зерттеуіндегі «посредник» дегенді әмбебап ұғым ретінде қарастырып, адам/субъект ретінде қарастыруға болады. Кейінірек бұл терминді отандық зерттеушілердің еңбектерінен ішінара кездестіреміз. Мәселен, профессор Э.Д.Сүлейменова тілдің өміршеңдігі туралы мақаласында: «тілдің өмір сүруі жергілікті тіл болсын, кез келген деңгейдегі дәнекер – тіл (язык-посредник) болсын – кез келген тіл үшін өзекті болуы мүмкін», – деп медиация тілі туралы сөз етеді [2, 133 б.]. Ғалым «язык-посредник» терминінің аудармасы ретінде «дәнекер-тіл» деген баламаны қолданады. Э.Д.Сүлейменованың жетекшілігімен құрастырылған «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде» бұл терминге мынадай анықтама беріледі: «Дәнекер-тіл (ағылш. mediator language) – екі немесе одан да көп этникалық топтардың қарым-қатынасы кезінде қолданылатын тіл, бұл тіл айтылған этникалық топтардың ешқайсысының ана тілі емес. Макродәнекер – тіл (барынша көп қоғамдық қызмет атқарады) және микродәнекер – тіл (бір немесе бірнеше қоғамдық қызмет атқарады және жеке әлеуметтік топтар арасында қолданылады) болады. Феодалдық Еуропадағы латын, колониализм дәуірінде Латын Америкадағы испан тілі дәнекер-тілдің айқын мысалы бола алады» [18, 80 б.]. А.Е.Карлинскийдің «Басқа қауымдастықтың тілін игере отырып, билингв өзге этностың жекелеген өкілдерімен қарым-қатынас жасау қабілетіне ие болып қана қоймайды, сонымен қатар екі түрлі этностың бір тілде сөйлейтін мүшелері арасында делдал (аудармашы) болады» деген пікірінен де көруге болады [19, 75 б.]. Дегенмен тілдің медиациялық (делдалдық) қызметі тек әртүрлі ұлт өкілдері арасында ғана қолданылмайтыны белгілі. Ұлты бір, тілі бір, отбасы ортақ, бірақ кәсібі, қызметі, әлеуметтік мәртебесі және т.б. әртүрлі адамдар да бірін-бірі түсінбей жатады. Сондықтан тіларалық түсініспеушілік тек ұлтаралық деңгейде емес, ұлтішілік, отбасылық, әулеттік, партиялық, т.б. әлеуметтік институттар арасында бола беретін қалыпты жағдаят саналады. Осындай әлеуметтік институттардағы коммуникацияны бір бағыттағы, мүдделес, туыстас, пікірлес топтар арасындағы үйлесімділікті орнатуға тілдік медиация ықпал етеді.

### Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі таңда дүниежүзі елдері жаһандану процесін басынан кешуде. Мемлекетаралық, ұлтаралық қатынастар тілдің арағайындық (медиациялық) қызметінің арқасында жүзеге асады. Адам да, жалпы қоғам да жаңа кеңістікті қалыптастыруға үнемі мүдделес болып келеді. Жаһанданумен бірге мәдениет, дәстүр, идеология, тіл, дін және т.б. категориялардың өзара әрекеттесуі тілдік медиацияның негізінде жүзеге асады. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер ең алдымен тілдік коммуникацияда анық байқалады. Мәселен бүгінгі қазақ тіліндегі «*краш, хайп, хейтер, рилс*» секілді жаңа сөз қолданыстары заманауи интеграцияның нәтижесі саналады. Соның салдарынан аға буын өкілдері мен жастар арасында түсініспеушілік туып жатады. Не болмаса, медицина саласының қарыштап дамуына байланысты талдаулардың, аурулардың түрлері көбейіп, қарапайым халыққа түсініксіз терминдер саны күн санап артып келеді. Мұндай түсінбеушіліктің салдары әлеуметтік түсініспеушіліктерге итермелейтіндігі анық. Осы орайда «медиация» қызметінің рөлі орасан зор. Медиация – моногиді ортада болсын, полигиді ортада болсын, орын алған түсініспеушіліктерді шешуші әрекет саналады. Ғылыми кеңістікте медиацияның *лингвистикалық, мәдени, әлеуметтік, педагогикалық* дейтін төрт түрі көрсетіледі [10, 12 б.].

«*Лингвистикалық медиацияға* тіларалық делдалдылық, яғни ауызша және жазбаша аударма жатады. Лингвистикалық делдалдық тіларалық өлшемді (бірақ онымен шектелмейді), яғни ресми түрде немесе бейресми түрде аудару және түсіндіру керек пе, әлде бір мәтінді басқаша етіп түрлендіру керек пе деген мәселелерді қарастырады. Дегенмен, бұл бір тілдің ішінде болуы мүмкін тілішілік аспектіні де қамтиды (мысалы, А2 мәтінін А2 түсіндіру). Лингвистикалық делдалдылықтың тағы бір түрі – әртүрлі

тілдерді икемді қолдану. Бұған King & Chetty (2014) мәтінді бір тілден екінші тілге, яғни тыңдаушылар білетін тілде түсіндіру, жалпылау, нақтылау және кеңейтуді жатқызады. Ал Creese & Blackledge (2010) және Lewis, Jones & Baker (2012) көптілді ортада бірлесе өзара әрекеттесуді немесе тыңдаушылардың бәрі қатысу үшін мәтінді әртүрлі тілде икемді түсіндіруді ұсынады. Lüdi (2014) кәсіби контексте тілдердің икемді түрде кезек-кезек қолданылуын сипаттайды, соның ішінде клиент жалпы халықаралық тілді білсе де, бір тілде әрекет жасау үшін ол тіл жеткіліксіз болған жағдайда әртүрлі тілдердегі фрагменттерді, ым-ишаралар мен суреттер арқылы пойыз билетін сатып алу кезіндегі делдалдықты сипаттайды» [10, 12].



**А тапсырмасы.**  
Сіздің шетелден келген құрбыңыз Каролина мына суретте не туралы айтылғанын сұрады.

**В тапсырмасы.**  
Сіздің балабақшаға баратын 4 жастағы Аянат қызыңыз мына суретте не туралы айтылғанын сұрады.

1-сурет (сурет [www.gov.kz](http://www.gov.kz) сайтынан алынды).

Жоғарыдағы 1-суретке негізделген А және В тапсырмалары медиацияның екі тілде немесе тек бір тілде жүзеге асырылуы мүмкін екенін анық көрсетіп тұр. Екі тілде (қазақ және ағылшын) жүзеге асырылатын медиация *тіларалық* болып табылады. Әдетте, ағылшын тілін білетін адамның қазақ тіліндегі мәтінді ауызша немесе жазбаша түрде жеткізуін талап етеді. Хабарламаның қай бөлігі, қай үзіндісі қалай жеткізілетіні хабарламаны кімнің кімге және қандай мақсатта беріліп жатқанына байланысты. Шын мәнінде, медиация әрекетінің нысаны да, мазмұны да медиацияның міндетіне тығыз байланысты.

«Жоғарыда айтылғандай, медиация *тіларалық* және *тілішілік* болып жіктеледі. Тіларалық дегеніміз бір тілден екінші тілге аудару яғни аударма арқылы түсіндіру болып табылады. Тілішілік медиация кезінде медиатор хабарламаны бір тілде әртүрлі сөздермен береді» [20, 19 б.]. Мысалы: *басы жиі ауыратын Диас әпкесі Әселмен бірге дәрігерге барды делік. Дәрігер Диастың компьютерлік томографиясын қарап, қосымша талдаулар жасау керек екенін, бірақ оған алаңдайтын ештеңе жоқ екенін түсіндіреді. Диас дәрігердің айтқанын түсінбеді; сондықтан дәрігердің кабинетінен шыққан бойда Әселден дәрігердің сөзін қазақтың жалпақ тілімен түсіндіруін сұрады.*

Мысалдан көріп тұрғанымыздай, «тілішілік делдалдық мына тәсілдер арқылы әрекетке қатысқан бір немесе бірнеше адамға ауызша немесе жазбаша хабарлама беруді қамтиды:

- басқа байланыс арнасы (мысалы, телефон арқылы айтылған әңгімені басқа адамға бетпе-бет жеткізу);
- басқа сөйлеу стилін қолдану (өз сөзімен өзгертіп айту, қарапайым тілмен немесе арнайы термин сөздермен түсіндіру);

- нақты мәтінге сәйкес негізгі идеяны беру (жалпылау, негізгісін айту және т.б.);
- мәтіннен, сөйлесімнен және т.б. алынған ақпаратты нақты жағдайға сәйкес айтып беру» [20, 20 б.].

«Бір тілден екінші тілге ауысу міндетті түрде бір мәдениеттен екінші мәдениетке ауысуды көздейтіндіктен, сөздердің мәдени мағыналарын ескеру қажет болғандықтан, медиацияның «**мәдени медиация**» деген екінші түрі кеңінен қолданылады. Бұл дереккөздің тұтастығын сақтауға және болжамды мағынаны түсінуге мүмкіндік беретін медиацияның неғұрлым күрделі деңгейі» [10, 12 б.]. Мәселен: «Өз елінің мәдениеті мен тарихын құрметтейтін әрбір адам өмірінде кем дегенде бір рет мұражайға барған болар, бірақ мұражайдан алған әсер әркімде әртүрлі болады. Мысалы, кейбір адамдар мұражайды мектептегі экскурсиялармен, «тәртіпті сақтаңдар» деп мың рет қайталаған қатал мұғаліммен, сұрақ қоюға қатысты немесе маған сұрақ қойып қалар ма екен деген үреймен байланыстырады. Енді біреулер керісінше, мұражайды балалық шағының жаңа, қызықты әрі пайдалы нәрсені үйренген ең керемет естеліктерімен байланыстырады. Бала кезінен бастап мәдени әлемге құштар адамдар болады. Мұражайға келіп, оның тарихын, шығармашылықты және мәдени мұраны тез меңгеріп алады. Ал кейбір адамдар белгілі бір мәдени құндылықтардың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну кезінде қиындықтарға тап болады.

Бұл мәселенің шешімін табуға бола ма?

Әрине! Мұндай жағдайда экскурсия жетекшісі «медиатор» бола алады. Бірақ ол адам қатып қалған ережемен жүрмей, мұражайға келушілермен еркін диалогқа түсуі, мәдени тәжірибесімен бөлісуі керек» [21].

«Мәдени ерекшеліктерді ескерген кезде субмәдениеттерді де есепке алу керек, бұл «**әлеуметтік медиация**» деп аталатын медиацияның үшінші түрінің пайда болуына ықпал етеді. Бұл тілді қолданатын және коммуникация процесіне қатысатын әртүрлі сұхбаттасушылар арасында делдал рөлін атқаратын адамға қатысты айтылады.

CEFR-де әлеуметтік медиация бір қарағанда, бір-бірін түсіне алмайтындықтан, екеуара сөйлесе алмайтын екі немесе одан да көп адамдарға қарым-қатынас жасауға көмектесу деген идеямен түсіндіріледі. Бірақ адамдардың бір-бірін түсіне алмауының жалғыз себебі тілдік фактордан ғана тұрмайды. Онда негізінен көзқарастардың әртүрлі болуы, мінез-құлықтың сәйкессіздігі, құқықтар мен міндеттерді әртүрлі түсіну нәтижесінде қиындықтар туындауы мүмкін. Осындай жағдайда «делдал» бұл оқшылықтарды жоюға және түсініспеушіліктерге жол бермеуге көмектеседі. Екіншіден, медиацияны мәтінді түсіндіру тұрғысынан қарастыратын болсақ, медиация процесін қолдану ауқымы тіптен кеңейеді. Түптеп келгенде, түсінісу кезіндегі қиындықтар тілмен емес; білімнің немесе тәжірибиенің жетіспеушілігіне, тиісті саланың қыр-сырынан бейхабар болуға байланысты болуы мүмкін. Әлеуметтік делдалдыққа әдетте, омбудсменнің қызметі, кеңес беру және жанжалдардың алдын алу немесе оларды шешу жатады, бірақ кейде (мысалы, Wall & Dunne 2 АҚШ-та жүргізген соңғы зерттеулерге шолу) тек төрелікті белгілеу және жеке, коммерциялық немесе халықаралық дауларды шешу үшін қолданылады» [10, 12 б.]. Көгілдір экрандағы қаралымы көп, рейтингтік көрсеткіші жоғары «Астарлы ақиқат», «Ашық алаң», «Жарқын жүздесу», «Балалық шаққа саяхат», «Көреміз», «Қалаулым» секілді ток-шоу форматындағы бағдарламаларды жүргізетін журналистер медиатор қызметін атқарады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын елімізде «АртСпорт» бағдарламасы іске қосылып, еліміздің түкпір-түкпіріндегі балалар үйірмелерге тегін бара бастаған. Уақыт өте келе шенеуніктер тегін балалар үйірмелерін қысқартуды ұсынды. Әлбетте, бұл ата-аналардың наразылығын тудырды. Сол кезде балалар омбудсмені Аружан Саин өзінің Facebook парақшасында былай деген болатын: «Бүкіл қоғамның үміті мен сұранысына жауап беретін озық мемлекет құру, бұл бірінші кезекте халыққа, біздің балаларымызға инвестиция салуды білдіреді. Олар бізден гөрі әдепті, адал, дамыған, білімді, бәсекеге қабілетті болып өседі, өздерінің және басқаның еңбегін, адам құқықтары мен балалардың құқықтарын құрметтейді және бүгінгі күні айқын әрі даусыз нәрселерді дәлелдеуі қажет адамдарға қарағанда, жаңа Қазақстанды тиімдірек құрады. Мен мұндай жұмыс көптеген жаулар тудыратынын және көптеген наразылықтар




тудыратынын түсінемін. Бірақ мен бірнеше рет бұл лауазымға «достар» табуға немесе «қарым-қатынас» құруға келмегімді бірнеше рет айтқан болатынмын. Біздің барлығымызға, біздің елімізге нәтиже керек, жүіенің өзгеруі қажет. Нәтиже болмаса – қарама-қайшылықтар болады. Реформа бойынша үш жылға жуық жұмыс – балалар мен елдің мәселелерін шешу үшін тым ұзақ мерзім» [22]. Мысалда көрсетілгендей, мұнда «балалар біздің болашағымыз, оларға инвестиция салу» керек деп шырылдап отырған балалар омбудсмені Аружан Саин үкімет пен халықтың арасында көпір болып, делдалдық қызмет атқарып отыр.

«Медиацияның соңғы, төртінші түрі – сыни ойлауды дамытудың маңыздылығын көрсететін педагогикалық медиация. CEFR мәліметтеріне сәйкес, бұл кез келген саладағы табысты оқудың негізі. Кез келген салада өз дағдыларын дамыту үшін білім алушы алдымен тілді және тілдің ерекшеліктерін игеруі керек. Мұғалім білім, тәжірибе беруге тырысады, өзінің танымдық делдалдылығын жүзеге асыру үшін мұғалім сыни тұрғыдан ойлау қабілетіне ие болуы керек» [10, 11 б.].

Қазіргі қоғам өркениет дамуының жаңа сатысы болып табылатын ақпараттық қоғамға көшу процесінен тұрады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ғаламтор атты ғаламдық компьютерлік желі дамыған сайын ақпараттық қоғамның орны айқындала түсуде. «Толассыз ақпарат ағыны» қазіргі уақытта тілдегі коммуникацияның да өзгеріске ұшырауына ықпал етуде. Жаңашыл масс-медиа адамдардың қарым-қатынас жасауының сан алуан түрлерін (офлайн/онлайн) ұсынуда. Мәселен, ғалымдардың әртүрлі платформалар арқылы өтетін семинарларын жүргізетін модератор болады. Ол тараптарды бір-бірімен байланыстырып, сұрақ-жауап алып отырады. Сол секілді бейнеойын ойнаған кезде ойыншылар виртуалды әлемде қарым-қатынасқа түсіп, бір-бірінің іс-әрекетіне баға беріп, түсіндіріп, таңданып жатады. Демек, «коммуникативті жағдайда коммуникатор жауап алу үшін реципиентке белгілі бір ақпаратты жібереді. Бұл жағдайда медиатор интерактивті процесті қолдайды, демек реципиентке коммуникатордан хабарлама жібереді, содан кейін керісінше. Бұл *интерактивті медиация* деп аталады» [23, 22 б.] (2-сурет).



2-сурет. Кері жауап (Ж) алу мақсатында интерактивті медиация негізінде (М) ақпаратты коммуникатордан (К1) реципиентке (К2) беру.



2-сурет (WhatsApp желісіндегі чаттан алынған)

Бұл чатта іске асып жатқан әңгіме интерактивті медиацияның айқын көрінісі. Ата-аналардың білгісі келген сұрақтарын чатқа жазып, ақпарат алып жатқаны интерактивті коммуникацияға жатады. Себебі қарым-қатынас жүзбе-жүз емес, интернет желісі арқылы іске асып тұр. Чаттағы медиатор – мұғалім. Мұғалім мектепте болып жатқан өзгерістерді ата-аналардың назарына жеткізеді. Қандай да бір мәселе туындаса, шешуге тырысады.

Жай ғана екі адамның әңгімесі де интерактивті медиацияға жатады. Бұл өзара қарым-қатынас жасаудан тұрады. Екі адам да бір-бірінің сөзін бөліп, тақырыпты ауыстырып, тақырыпқа қатысты әртүрлі дереккөздерден алған ақпараттарын жеткізе алады.

«Электрондық немесе өзге де бұқаралық коммуникация құралдары негізінен бейинтерактивті түрде жүзеге асады. Көбінесе коммуникация тек бір бағытта жүзеге асырылады, яғни хабарлама айтушыдан ауқымды аудиторияға бағытталады. Бұл **бейинтерактивті медиация** деп аталады. Бейинтерактивті медиацияның мақсаты – ақпаратты коммуникатордан реципиентке беру, кері байланысты қажет етпеу» (3-сурет) [23, 23].



3-сурет. Бейинтерактивті медиация негізінде (М) ақпаратты коммуникатордан (K1) реципиентке (K2) беру.



**Бес сарапшы Ресейдiң Украинаға басып кiруi Орталық Азияға – Мәскеумен қарым-қатынастан өңiрлiк саудаға дейiн – қалай әсер еткенiн талқылайды.**

Ресейдiң Украинаға қарсы соғысы үшiншi жылға кетiп барады. Соғыстың салдары галамдық сипат ала бастады. Ауыр кикiлжiң саяси көзқарасты өзгертiп, халықаралық экономикаға зардабын тигiзiп, геосаяси сiлкiнiстерге жол ашты.

Ресей басқыншылығының салдарын ең қатты сезiнген аймақ — Орталық Азия. 2022 жылдың 24 ақпанынан бастап Қазақстан, Қырғызстан, Тәжiкстан, Түркiменстан мен Өзбекстан мүлде басқа әлемге түсiп кеткендей болды.

Мәскеу — бұрыннан өңiрдегi жетекшi ойыншылардың бiрi. Бiрақ Украинадағы соғыс Орталық Азияның Ресейге көзқарасын өзгерттi. Бұл Қытай, Түркия, АҚШ пен Еуроодаққа жаңа мүмкiндiктер ашты.

Орталық Азиядағы екi жылға созылған экономикалық, әлеуметтiк, саяси өзгерiстерден кейiн не болады?

Украинадағы соғыс Орталық Азияны қалай өзгерткенiн түсiну үшiн Азаттық бес жетекшi сарапшы мен журналистiң пiкiрiн сұрады.

### 3-сурет (24)

Азаттық радиосынан алынған бұл жаңалық бейинтерактивтi медиацияның үлгiсi. Мұндағы журналист – медиатор. Журналист Ресей мен Украина арасындағы соғысқа қатысты әлемнен алған жаңалықтар легiн оқырмандарға жеткiзуде.

Ф.Ш.Оразбаева бұл жайында былай дейдi: «Тiлдiк қатынастың басты мәнi мынада: Баяншыдан (Б) шыққан хабар (Х) қатысымдық Тұлғалар (Т) арқылы Қабылдаушыға (К) дұрыс жетiп, түсiнiктi болуы керек» [17, 233 б.]. Мұндай тiлдiк қатынас екi адамның, не екi топтың арасында да бiр адам мен ұжымның, яғни көпшiлiк қауымның арасында да, iске асуы мүмкiн. Яғни, баяншыдан шыққан хабарды кедергiсiз қабылдау барысында ақпараттың екiжақты ортақтығына негiзделедi.

«Бейинтерактивтi медиация кезiндегi керi байланыс әдiстерiнiң ауқымы өте шектеулi, мысалы, редакторға келетiн хат, жаңалықтар, ауа райы болжамы және т.б.» [23, 22 б.].

«**Аралас медиацияға** медиатор мен коммуниканттардың бiрi арасындағы интеракция элементтерi бар тiлдiк медиация жатады (коммуникативтi өзара әрекеттесу коммуниканттар арасында жүзеге асырылатын, ал медиатор тек делдалдық қызмет атқаратын интеракция жағдайындағы медиациядан айырмашылығы). Мұндай жағдайда медиатор тiлдiк делдал және белсендi (толыққанды) коммуникант деген екi қызметтi атқарады. Мықты медиатор кейде сөйлеушiнiң пiкiрi мен ниетiн коммуникантқа немесе сөйлеушiге қарағанда анық әрi нақты бiлдiруi мүмкiн» [23, 24 б.]. Аралас медиация түрiне төмендегiдей мысалды жатқызуға болады:

*Баукең амандық-есендiк бiлген соң, үйреншiктi әдетiмен:*

– Қандай жаңалығың бар? – дедi.

– Бүгiнгi жаңалығым ерекше, аға.

– Айт, тыңдайын ерекше жаңалығыңды.

– *Ертеңгiлiк мезгiл. Радио құлағын бұрап қалған едiм, москвалық галым он екiншi гасырда өмiр сүрген жапон ақындарының өлеңдерiне шолуын аяқтайын деп қалған екен. Басынан тыңдамағаныма қатты өкiндiм.*

*Ол кездегi жапон ақындарының өлеңдерiнiң ерекшелiгi үш-ақ жолдан тұрады екен, әрi ұйқасына онша көңiл бөлмейтiндей көрiндi. Алайда ойлары таңғаларлықтай терең.*

– *Құр тамсанғанша несiмен терең екенiн түсiндiрсеңшi.*

– Бір өлеңінің кейіпкері: «Алдымда тау тұр. Мен оған, сөз жоқ, жетемін. Мені жол алып барады», – депті. Бұдан сіз не ұқтыңыз?

– Біздің ата-бабамыз өте сезімтал, саналы болған. Табиғатпен достасып, сыйласа, сырласа білген. Ол кісілердің көрегендігі, ойшылдығы қиын есептің күрделі шешімін еске салғандай. Сен айтқан үш жол өлеңнен көрініп тұрған тауға жетуге дем берер әрекеттің құдірет күшіне тең келетін құдірет күш жоқ деп ұқтым.

– Жалпы ойыңыз дұрыс.

– Сен өзің ол өлең мән-мазмұнын қалай түсіндің?

– «Алдымда тау тұр. Оған мен, сөз жоқ, жетемін. Жол мені тауға апарады» дегендегі кейіпкердің тауы – арман, жолы – еңбек. Үш жол өлеңде әркімді арманына тек еңбек ғана жеткізеді деген ой айтылған.

– Дұрыс. Енді екінші өлең туралы түсінігіңді айт.

– Кейіпкердің: «Мен шектен тыс қайғылымын. Тауға барып, тікенді өсімдіктің гүлдеп тұрғанын көріп, қайғымды ұмыттым» дегенінде «тікенді ағаш құрлы жоқпын ба? Мен адам емеспін бе?» деген ойға беріліп, қайраттанғанын аңғардым [25]. Бұл мысалда журналистің радио хабарламасын тыңдағанынан бейинтерактивті медиацияны көруге болады. Ал жапон өлеңін Баукеңмен талқылауы интерактивті медиация. Демек, медиацияның екі түрі қатар қолданылып, аралас медиацияның іске асқанын көрсетеді. Оған қоса, мысалда көрсетілгендей, журналист – мықты медиатор. Олай дейтін себебіміз, өлең жолдарын қалай түсінгенін долбарлап айтқан кезде жапон ақынының пікірі мен интенциясын (ниетін) анық әрі нақты жеткізіп береді. Журналист «тауды арманға, жолды еңбекке» балайды. Расында да, арман адам үшін қол жеткізбейтін, биіктен қол бұлағап тұрған сағымға ұқсайды. «Тірі адам тіршілігін істейді» демекші, сол арманға жетемін деп әрекеттенген адам күнде таңертең тұрып, күйбең тірлігіне кіріседі. Бұл тірлік жол секілді, ұзыннан ұзақ. Бірақ қыстың аязды күндерінде де, жаздың аптап ыстығында да, ұзақ жолмен табандылық танытып жүре берген адам күндердің күнінде арманына қол жеткізетіні хақ. Мінеки, журналист осы үш жол өлеңдегі автордың айтпақ ойын сұқбаттасушы екеуі тыңдарманға күрделі ойдың күрмеуін ағытып, қарапайым түрде түсіндіріп беруін тілдік медиацияны жетік меңгергендігі деп бағалауға болады.

### Қорытынды

Отандық ғылымда медиацияға қатысты мәселелер лингвистикалық тұрғыдан зерттеу объектісі ретінде жаңадан қарастырылу үстінде. Жоғарыда айтылғандай, бұл мәселелер құқықтану, заң, саясаттану, мәдениеттану, әлеуметтану, дінтану, т.б. ғылым салаларында біршама қарастырылғанымен, лингвистикалық аспектіде жаңадан зерттеу нысанына айналған тың мәселелердің қатарына жатады. Шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, осы мақалада тілдің медиациялық қызметіне қатысты мынадай ой-тұжырымдар қорытылып, ұсынылады:

1. Арнайы жұмыстарға жасалған шолу көрсеткендей, медиация әртүрлі бағыттың зерттеу объектісі бола алатын сала ретінде шетелдік зерттеушілердің назарында. Мақалада тілдегі медиация концепциясын зерттейтін ғалымдардың оны:

- заң саласы;
- психология;
- лингвомәдениеттану және аударматану;
- дискурстық зерттеулер тұрғысынан қарастырғаны туралы айтылды.

2. Бұл мақалада медиацияның төрт түрі көрсетіледі, олар: лингвистикалық, мәдени, әлеуметтік және педагогикалық. «Нәтижелер мен талқылаулар» бөлімінде тілдік медиацияның халықаралық тілмен қатар, бір тіл ішінде де қолданылатыны айтылды. Осыған орай, медиацияның тіларалық және тілішілік деген түрлері тіл қызметінің әмбебаптық сипатына негізделеді.

3. Коммуникативті жағдайларда медиацияның жүзеге асуы барысында, белгілі бір хабарды жеткізу-қабылдау процестеріне байланысты медиацияның интерактивті,

бейинтерактивті және аралас түрлері (үш түрі) тыңдарман мен оқырманды, айтушы мен тыңдаушыны, модератор мен алқа мүшелерін өзара түсінісуге жетелейді.

Қорыта келгенде, тілдің медиациялық қызметі дегеніміз – екі тараптың ынтымақтастығына негізделген қарым-қатынасты реттейтін тілдік бірліктер жұмсалымы мен тілдік тұлғаның бітімгерлік әлеуетінен тұратын функция. Қарым-қатынас барысында туындаған мәселелерді шешу кезінде медиация сәтті пайдаланылса, қарым-қатынас жасау мәдениеті жақсара түседі және қоғамның ынтымақтастығы артады. Сол арқылы қоғамдық қатынастағы әлеуметтік топтардың өзара ықпалдастығы мен ымырашылдығын орнатады. Қоғамдағы әлеуметтік институттардың өзара түсінісуі мен ықпалдастығы тілдің медиациялық қызметіне тікелей қатысты болады. Тілдің медиациялық қызметі тек медиаторға ғана қатысты емес, өзара әрекеттесушілердің барлығына қатысты болған жағдайда қоғамдық ортада да жайлы қатынас орнайды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы: Асыл кітап, 2016. - 248 б.
2. Сулейменова Ә.Д. Макросоциоллингвистика. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 404 б.
3. Чикаева К.С., Гафиатулина Н.Х., Майба В.В. Медиация как инновационная технология урегулирования социальных конфликтов в институте образования // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. - 2022. - №1. - С. 70-74. DOI 10.23672/h3604-6267-5992-i
4. Юри У., Фишер Р. Путь к согласию или переговоры без поражения. - Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2018 г. -272 с.
5. Бесемер Х. Медиация. Посредничество в конфликтах. – Калуга: «Духовное познание», 2004. -119 с.
6. Ускова Т.В. Культурно-специфические особенности языка медиации // Вестник Московского государственного лингвистического университета. Гуманитарные науки. - 2022. - Вып. 9 (864). - С. 119-126. DOI 10.52070/2542-2197\_2022\_9\_864\_119
7. Шайкенова Л.М. Функционально-семантическое описание ментальных перформативов: дис. канд. филол. наук: Алматы, 1999. - 130 с.
8. Гумбольдт В. О различии организмов человеческого языка и о влиянии этого различия на умственное развитие человеческого рода. – СПб.: Изд-во Енукеева, 1859. - 480 с.
9. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
10. Common european framework of reference for languages: learning, teaching, assessment // Council of Europe [Eletrc.recourse] - Available at: <https://rm.coe.int/cefr-companion-volume-with-new-descriptors-2018/1680787989> (accessed 20.05.2023)
11. Литвишко О.М., Черноусова Ю.А. «Лингвокультурная медиация как компонент глокального подхода в обучении профессиональноориентированному английскому языку (на примере направлений подготовки 38.03.02, 38.04.02 «менеджмент», 40.03.01, 40.04.01 «юриспруденция»)» // Вестник ВГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. - 2016. - № 2. - С. 139-143
12. Taft R. (1981). The Role and Personality of the Mediator // S. Bochner (ed.) The Mediating Person: Bridges Between Cultures. - Cambridge, MA: Schenkman. – P. 53-88.
13. Косарева Т.Б. Обучение студентов-юристов лингвокультурной медиации: автореф. дис. канд. пед. наук: М., 2011. - 23 с.
14. Куликова Л.В., Прохорова О.А. Исследовательские подходы к дискурсу медиации в фокусе междисциплинарности // Филологические науки. Вопросы теории и практики . - 2016. - №2. - С.100-104.
15. Чернышенко А.Г. Специфика дискурсивных стратегий. Стратегии дискурса медиации // Профессиональная коммуникация: актуальные вопросы лингвистики и методики. - Пятигорск: ПГЛУ, 2014. - С. 113-119.
16. Садвакасова З.М. Психология медиации и переговоров: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 294 с.
17. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009 ж. - 368 б.
18. Сүлейменова Ә.Д. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социоллингвистических терминов. - 2-басылым, өңделген. - Астана: «Арман-ПВ», 2019. - 394 б.
19. Карлинский А.Е. Взаимодействие языков: билингвизм и языковые контакты. – Алматы, 2011. – 264 с.

20. Dendrinos B. Mediation in communication, language teaching and testing // Journal of Applied Linguistics. - 2006. - №22. - P. 9-33.

21. Құлтурная медиация как один из способов работы с посетителями музея // Tudásmenedzsment 16. évf. 1. különszám (2015.) [Электрон. ресурс] – URL: [https://www.epa.hu/02700/02750/00038/pdf/EPA02750\\_tudasmenedzsment\\_2015\\_01\\_ksz\\_123-125.pdf](https://www.epa.hu/02700/02750/00038/pdf/EPA02750_tudasmenedzsment_2015_01_ksz_123-125.pdf)

22. Art sport жобасы: Шенеуніктер тегін балалар үйірмелерін қысқартуды ұсынды, 07.06.2022 [Электрон. ресурс] – URL: <https://aqmeshit-zhastary.kz/qogam/art-sport-zhobasy-shenewnikter-tegin-balalar-uejirmelerin-qysqartwdy-usyndy-26660/>

23. Колесников А.А., Денисов М.К. Формирование медиативной компетенции при обучении иностранным языкам в школе // Вестник Рязанского государственного университета им. С.А.Есенина. - 2012. - №1. - С. 22-23.

24. Украинадағы соғыс Орталық Азияны қалай өзгертті? 25.02.2024 [Электрон. ресурс] – URL: <https://www.azattyq.org/a/how-two-years-of-war-in-ukraine-have-changed-central-asia/32834379.html>

25. Қалдыбай М. Алдымда тау тұр. Оған мен, сөз жоқ, жетемін // Жас қазақ. - 2022. - 04.10. - Ст. №43 (927).

**Г.С. Закиряева\*, С.А. Жиренов**

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан*

### **Виды и функциональное поле языковой медиации**

**Аннотация.** В статье рассмотрены проблемы медиации как отдельного вида языковой деятельности. Медиация в общей науке – это общение, которое основано на сотрудничестве двух сторон. Успешное применение медиации при разрешении возникающих в ходе общения трудностей, конфликтов, недопониманий способствует улучшению культуры общения. Эта тема широко обсуждается среди сегодняшних зарубежных лингвистов. Тем не менее, это новая тема, которая еще не рассматривалась в казахском языкознании, а потому она здесь актуальна. В исследовательской работе, основанной на языковой медиации было дано представление о том, что означает термин «медиация», рассмотрены его виды. Проанализировав примеры из повседневной жизни, из страниц периодической печати, она направлена на раскрытие и показ функции термина в нашем языке. Медиация может представлять собой особую форму интеракции (межличностное общение), однако может быть и неинтерактивной, при этом ее цель будет заключаться лишь в трансмиссии информации от коммуникатора к реципиенту (без обратной связи). При обзоре литературы с целью раскрытия сущности этого термина отсортированы и систематически даны определения из зарубежных, отечественных научных трудов, в которых упоминается медиация. В статье использованы методы обобщения, группировки, сортировки, анализа, сравнения. Как отмечалось выше, поскольку данная тема еще не является объектом изучения с точки зрения отечественной лингвистики, за основу берутся теоретические выводы и практические объяснения, рассмотренные в работах зарубежных ученых.

**Ключевые слова:** лингвистика, коммуникация, речевые акты, медиация, интерактивная медиация, неинтерактивная медиация.

**G.S. Zakiryayeva\*, S.A. Zhirenov**

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

### **Types and functional field of linguistic mediation**

**Abstract.** This article examines the challenges associated with mediation as a distinct form of language engagement. Mediation, within the realm of general science, refers to a form of communication that relies on the collaborative efforts of two people. Effective application of mediation in addressing challenges, disputes, and misinterpretations that arise during communication enhances the communication culture. The subject is extensively debated among contemporary foreign linguists. Nevertheless, this is novel and has not yet been explored in the field of Kazakh linguistics, therefore making it pertinent in this context.

The research work focused on linguistic mediation, providing an explanation of the concept of «mediation» and examining its various varieties. By examining instances from daily life and publications, the objective is to uncover and demonstrate the role of the term in our language. Mediation can manifest as a distinct mode of interpersonal communication, or alternatively, it can assume a non-interactive role, serving just as a means to convey information from the sender to the receiver, devoid of any sort of feedback. When performing a literature review to uncover the fundamental nature of this term, definitions from both international and domestic scientific sources that refer to mediation are organised and presented in a methodical manner. The article includes methods such as generalisation, categorization, classification, analysis, and measurement. As previously mentioned, due to the lack of research in domestic linguistics on this topic, theoretical results and practical explanations from foreign experts are used as a foundation.

**Keywords:** linguistics, communication, speech acts, mediation, interactive mediation, non-interactive mediation.

## References

1. Abasilov A. Slovar' sociolingvistiki. [Dictionary of sociolinguistics]. (Almaty, 2016, 248 p.).
2. Sulejmenova Je.D. Makrosociolingvistika. [Macrosociolinguistics]. (Almaty, 2011, 404 p.).
3. Chikaeva K.S., Gafiatulina N.H., Majba V.V. Mediacija kak innovacionnaja tehnologija uregulirovanija social'nyh konfliktov v institute obrazovanija [Mediation as an innovative technology for resolving social conflicts at the Institute of Education]. Gumanitarnye, social'no-jekonomicheskie i obshhestvennye nauki [Journal of Humanities, socio-economic and Social Sciences]. 1. 70-74(2022). DOI 10.23672/h3604-6267-5992-I [in Russian]
4. Ury W., Fisher R. Put' k soglasiju ili peregovory bez porazhenija. [The path to agreement or negotiation without defeat]. (Moscow, 2018, 272 p.). [in Russian]
5. Besemer Ch. Mediacija. Posrednichestvo v konfliktah. [Mediation. Mediation in conflicts]. (Kaluga, 2004, 176 p.) [in Russian]
6. Uskova T.V. Kul'turno-spezificheskie osobennosti jazyka mediicii. [Cultural-specific features of the mediation language]. Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki [Bulletin of the Moscow State Linguistic University. Humanities]. 9 (864). 119-126(2022). DOI 10.52070/2542-2197\_2022\_9\_864\_119 [in Russian]
7. Shajkenova L.M. Funkcional'no-semanticheskoe opisanie mental'nyh perfomativov [Functional and semantic description of mental performances]. (Almaty, 1999. - 130 p.) [in Russian]
8. Gumbol'dt V. O razlichii organizmov chelovecheskogo jazyka i o vlijanii jetogo razlichija na umstvennoe razvitie chelovecheskogo roda. [On the difference between the organisms of the human language and the effect of this difference on the mental development of the human race]. (St. Petersburg, 1859, 480 p.) [in Russian]
9. Bajtursynov A. Uroki jazyka [Language lessons]. (Almaty, 1992. - 448 p.)
10. Common european framework of reference for languages: learning, teaching, assessment. © Council of Europe, April 2020. Printed at the Council of Europe. // <https://rm.coe.int/cefr-companion-volume-with-new-descriptors-2018/1680787989>
11. Litvishko O.M., Chernousova Ju.A. Lingvokul'turnaja mediacija kak komponent global'nogo podhoda v obuchenii professional'noorientirovannomu anglijskomu jazyku (na primere napravlenij podgotovki 38.03.02, 38.04.02 «menedzhment», 40.03.01, 40.04.01 «jurisprudencija»). [Linguistic and cultural mediation as a component of a global approach in teaching professionally oriented English (on the example of training areas 38.03.02, 38.04.02 «management», 40.03.01, 40.04.01 «jurisprudence»). Vestnik VGU. Serija: Lingvistika i mezhkul'turnaja kommunikacija [Bulletin of the VSU. Series: Linguistics and Intercultural Communication]. 2. 139-143(2016). [in Russian]
12. Taft R. The Role and Personality of the Mediator / S. Bochner (ed.) The Mediating Person : Bridges Between Cultures. – 1981. – Cambridge, MA : Schenkman. – P. 53–88.
13. Kosareva T.B. Obuchenie studentov-juristov lingvokul'turnoj mediicii [Teaching law students linguistic and cultural mediation]. (Moscow, 2011. – p. 23). [in Russian]
14. Kulikova L.V., Prohorova O.A. Issledovatel'skie podhody k diskursu mediicii v fokuse mezhdisciplinarnosti [Research approaches to the discourse of mediation in the focus of interdisciplinarity]. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki [Philological sciences. Questions of theory and practice]. 2(56), 100-104(2016). [in Russian]
15. Chernyshenko A.G. Specifika diskursivnyh strategij. Strategii diskursa mediicii [The specifics of discursive strategies. Strategies of mediation discourse] Professional'naja kommunikacija: aktual'nye

voprosy lingvistiki i metodiki [Professional communication: topical issues of linguistics and methodology]. 252 p.(2014) [in Russian]

16. Sadvakasova Z.M. Psihologija mediacii i peregovorov: uchebnoe posobie. [Psychology of mediation and negotiations: a textbook]. (Almaty, 2020. 294 p.) [in Russian]

17. Orazbaeva F. Mir jazyka. Stat'i, issledovaniya [The World of language. Articles, research]. (Almaty, 2009, 368 p.)

18. Sulejmenova Je. D. Slovar' sociolingvisticheskikh terminov [Dictionary of socio-linguistic terms. English sociolinguistic terms]. (Astana, 2019. – 394 pp.)

19. Karlinskij A.E. Vzaimodejstvie jazykov: bilingvizm i jazykovye kontakty [Interaction of languages: bilingualism and language contacts]. (Almaty, 2011. – 264 c.) [in Russian]

20. Bessie Dendrinou (Vassiliki Dendrinou). Mediation in communication, language teaching and testing. National and Kapodistrian University of Athens. JAL 22 (2006). PP. 9-35

21. Kul'turnaja mediacija kak odin iz sposobov raboty s posetiteljami muzeja [Cultural mediation as one of the ways to work with museum visitors] [https://www.epa.hu/02700/02750/00038/pdf/EPA02750\\_tudasmenedzsment\\_2015\\_01\\_ksz\\_123-125.pdf](https://www.epa.hu/02700/02750/00038/pdf/EPA02750_tudasmenedzsment_2015_01_ksz_123-125.pdf)

22. Proekt Art sport: chinovniki predlozhili sokratit' besplatnye detskie kruzhki [Art sport Project: officials proposed to cut free children's clubs]. Available at: <https://aqmeshit-zhastary.kz/qogam/art-sport-zhobasy-shenewnikter-tegin-balalar-uejirmelerin-qysqartwdy-usyndy-26660/>

23. Kolesnikov A.A., Denisov M.K. Formirovanie mediativnoj kompetencii pri obuchenii inostrannym jazykam v shkole [Formation of mediation competence in teaching foreign languages at school]. Vestnik Rjazanskogo gosudarstvennogo universiteta im. S. A. Esenina [Journal «Bulletin of S. A. Yesenin Ryazan State University»]. 1(34). 22-33(2012) [in Russian]

24. Kak vojna na Ukraine izmenila Central'nuju Aziju [How did the war in Ukraine change Central Asia? Radio Liberty]. Available at: <https://www.azattyq.org/a/how-two-years-of-war-in-ukraine-have-changed-central-asia/32834379.html>

25. Kaldyбай M. Peredo mnoju gory. Ja do nih bez slov, doberus' [There is a mountain in front of me. I will reach it, without a doubt]. Newspaper «Zhas Kazakh», No. 43 (927) November 4, 2022

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Закиряева Г.С.** – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Жиренов С.А.** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Закиряева Г.С.** – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан.

**Жиренов С.А.** – кандидат филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан.

**Zakiryayeva G.S.** – corresponding author, Phd student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

**Zhirenov S.A.** – Candidate of Philological sciences, Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).